

Амангелді орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы

Білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру маңызды. Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспары әзірленді.

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау
2. Оқу процесінің сапасын бақылау
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау
4. Оқу-зерттеу қызметі
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдау жүргізілді.

Мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы:

- директор жанындағы кеңесте құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігі, оқушылардың сабаққа қатысымы, оқушыларды спорттық секцияларға тартуда кездесетін қиындықтарды анықтау мәселелері, әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуы, «Өмір қауіпсіздік», «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курстарының жүзеге асырылуы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жағдайлары қаралып, талқыланды, басқарушылық шешім шығарылып орындауға тапсырмалар беріліп отырды.
- педагогикалық кеңестерде кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жағдайы, «Ата-аналарды қолдау орталығы» бағдарламасын оқыту жағдайы және жүргізілген сабақтардың сапасы мен ата-аналардың қанағаттану деңгейлерін анықтау мақсатында педагогтердің сабаққа әдістемелік дайындық деңгейлері бақыланды. Басқарушылық шешімдер шығарылып, ұсыныстар берілді.
- Сынып жетекшілер бірлестігі отырыстарында мектеп пен отбасының әрекеттестігін бақылау мақсатында ата-аналардан сауалнамалар

алынды, ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтарының жүргізілуін бақылау мақсатында ата-аналардың сабаққа қатысымы бақыланды.

- Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінде білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қой бойынша жүргізілген рейд қорытындылары, ұл балалар мен қыз балалардың тәртібі, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жай-күйі қаралып, талқыланды, жауапты адамдарға ұсыныс, тапсырмалар беріліп, орындалуы қадағаланды.

Мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы аталған кеңес отырыстарында қаралып, талқыланып, басқарушылық шешімдер шығарылды, ұсыныстар берілді. Шешімдер орындалып, аталған ұсыныстар уақытылы жойылып отырды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттар мен педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес, әдістемелік бірлестіктің шешімдерінің орындалуы бақыланды. Бақылау барысында әдістемелік көмек берілді.

Жалпы мектепшілік бақылау жоспарының мақсаты орындалды.

Ағымдағы жылға ұсыныс:

- «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының» сабақтарына ата-аналардың қатысымын арттыру.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Е.К.Хитрук